

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің, "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 19 бұйрығы.

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 862 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Абай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Жетісу облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Түркістан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Ұлытау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Шымкент қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

23) Осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті:

1) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Көлік министрі*

М. Қарабаев

Бұйрыққа
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) өз құзыреті шегінде реттеу және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ Министрліктің теміржол және су көлігі саласындағы стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Комитет заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитет құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты.

9. Комитеттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – республиканское государственное учреждение "Комитет железнодорожного и водного транспорта Министерства транспорта Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитет кәсіпкерлік субъектілерімен Комитет функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитет заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) теміржол және су көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және оны кейіннен іске асыру;

2) республика экономикасының және халықтың тасымалдарға, жұмыстардың орындалуына және қызмет көрсетулерге қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ теміржол және су көлігінің тасымалдары мен инфрақұрылымын одан әрі дамыту;

3) заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау, оның ішінде халықаралық тасымалдау саласында.

14. Құқықтары мен міндеттері:

құқықтары:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтарды шығарады;

2) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты және материалдарды (есептерді, материалдарды) сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) Комитет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс- шараларды жүргізеді;

5) жетекшілік ететін қызмет бағыттары бойынша консультативтік-кеңестік органдарды (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру бойынша ұсыныстар енгізеді;

6) шарттық міндеттемелердің орындалуын тексереді және көрсетілген қызметтер туралы актілерді қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Міндеттеріне:

1) Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірулерді дайындау;

4) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар бұл туралы ресми сұрау салған жағдайда, өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну;

5) Комитеттің теңгерімінде тұрған мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

6) бухгалтерлік есепті жүргізу;

7) бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және Министрлікке беру;

8) Комитетке бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

9) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кіреді.

15. Функциялары:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, әзірлеуге қатысу, келісу және бекіту;

3) ішкі су жолдарының кеме қатынай алатын жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау;

4) техникалық регламенттерді және стандарттарды әзірлеу мен келісу;

5) теміржолдар мен теміржол станцияларын дамытудың жобалау-техникалық құжаттамасына және бас схемаларына сәйкес жер учаскелерін беру нормативтерін келісу;

6) әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын әзірлеу;

7) тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу;

8) табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша магистральдық теміржол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті станциялық жолдардың, электрмен жабдықтау, сигнал беру, байланыс объектілерінің, құрылғылардың, жабдықтардың, ғимараттардың, құрылымдардың, құрылыстар мен өзге де объектілердің тізбесін әзірлеу;

9) тасымалдарды ұйымдастыруға және (немесе) тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға арналған шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету тәртібі мен шаралар тәртібін әзірлеу;

10) теміржол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзет алып жүруге тиіс жүктердің тізбесін әзірлеу;

11) теміржол көлігі қызметкерлерін кәсіби үздік белгімен марапаттау тәртібін әзірлеу;

12) экспедиторлар қызметін көрсету қағидасын әзірлеу;

- 13) вагондар (контейнерлер) операторлары ұсынатын қызметтер қағидасын әзірлеу;
- 14) локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсету қағидасын әзірлеу;
- 15) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша магистральдық теміржол желісінің және кірме жолдардың қызметтеріне кіретін операциялардың тізбесін әзірлеу;
- 16) жылжымалы құрамды, арнайы жылжымалы құрамды сыныптау тізбесін әзірлеу;
- 17) поездардың қозғалысы және теміржол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;
- 18) Қазақстан Республикасында теміржол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;
- 19) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есеп жүргізу және есептілікті ұсыну тәртібін әзірлеу;
- 20) поездар қозғалысына байланысты терминдерді әзірлеу;
- 21) жолаушы поездарының құрамындағы жылжымалы құрамды тіркеу және оның бағытпен жүруінің тәртібін және шарттарын әзірлеу;
- 22) теміржол көлігіндегі табиғи монополиялар субъектілерінің шикізат пен материалдар, қосалқы бөлшектер, жабдықтар, жанармай, энергия шығыстарының, техникалық шығындарының техникалық және технологиялық үлгілік нормаларын әзірлеу;
- 23) теміржол вокзалдарының тізбесін олардың сыныбына сәйкес әзірлеу;
- 24) теміржол көлігімен тасымалдау кезінде жүктердің әскерилендірілген күзетін қамтамасыз ету қағидасын әзірлеу;
- 25) әлеуметтік маңызы бар облысаралық жолаушылар қатынастарының тізбесін әзірлеу;
- 26) магистральдық теміржол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін әзірлеу;
- 27) жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен салынған объектілерді магистральдық теміржол желісінің құрамына беру қағидаларын әзірлеу;
- 28) жолаушыларды облысаралық және халықаралық қатынастарда тасымалдауды ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;
- 29) магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 30) жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру кезінде жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесіне қол жеткізу және өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу;
- 31) теміржол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарда жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, теміржолдар арқылы жүру және өту қағидаларын әзірлеу;

32) шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу;

33) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларын әзірлеу;

34) теміржол вокзалдары қызметін ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;

35) теміржол вокзалдарының класын айқындау әдістемесін әзірлеу;

36) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін айқындау әдістемесін әзірлеу;

37) тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау қағидасын әзірлеу;

38) азаматтарды теңіз лоцмандары ретінде жұмысқа жіберу үшін біліктілік талаптарын әзірлеу;

39) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгі шартты әзірлеу;

40) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын әзірлеу;

41) теңіз портының капитаны туралы ережені әзірлеу;

42) теңіз кемелерін сыныптау және жасау қағидаларын әзірлеу;

43) теңіз кемелерінің жүк көтергіш құрылғыларын куәландыру қағидаларын әзірлеу

;

44) теңіз кемелерінің экипаждарын азық-түлікпен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу;

45) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы теңіз флоты кемелерінің жүзу құрамының жұмыс уақыты мен демалу уақытын реттеу ерекшеліктерін әзірлеу;

46) кәсіби диплом үлгілерін, кәсіби диплом растамасын, теңізшілерге диплом беру қағидаларын әзірлеу;

47) ішкі су көлігі және теңіз көлігі салаларында кемелермен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін әзірлеу;

48) теңізде жүзу кітапшасының үлгісін, оны ресімдеу және беру тәртібін әзірлеу;

49) теңіз көлігі, теңіз оқу-тренажер орталықтары мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын куәландыру жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау қағидасын әзірлеу;

- 50) теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі қағидаларды әзірлеу;
- 51) Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидаларын әзірлеу;
- 52) кеме құжаттарының тізбесін, кеме құжаттарын жүргізу қағидаларын және кеме құжаттарына қойылатын талаптарды әзірлеу;
- 53) Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушыларды, бағажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу;
- 54) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды әзірлеу;
- 55) кеме тарихын үздіксіз тіркеу журналын жүргізу тәртібі мен нысанын әзірлеу;
- 56) Қазақстан Республикасының теңіз көлігі кемелеріндегі қызмет жарғысын әзірлеу;
- 57) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес теңіз көлігі мамандарын даярлау куәліктерінің тізбесі мен нысандарын әзірлеу;
- 58) теңіз порттарын салу үшін оларды орналастыру қағидасын әзірлеу;
- 59) мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлікті беру қағидаларын әзірлеу;
- 60) Қазақстан Республикасының жеке куәлігінің, кәсіби дипломдардың, кәсіби дипломдарды растаудың, жеңілдік рұқсаттарының, теңізде жүзу кітапшаларының тізілімдерін жүргізу тәртібін әзірлеу;
- 61) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап-тексеру қағидаларын, олардың денсаулығы мен дене жарамдылығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ медициналық қорытындының нысанын әзірлеу;
- 62) теңіз көлігі, теңіз оқу-жаттығу орталықтары мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын куәландыру қағидаларын және оларға қойылатын талаптарды әзірлеу;
- 63) лоцмандық қызмет туралы ережені әзірлеу;;
- 64) ішкі су жолдары учаскелерінің тізбесін, міндетті лоцмандық алып өтуге жататын кемелердің үлгілері мен көлемдерін әзірлеу;
- 65) пайдаланылатын кемелерді куәландыру қағидаларын әзірлеу;
- 66) кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидаларын әзірлеу;
- 67) кемелердің кеме қатынасы шлюздері арқылы өту қағидаларын әзірлеу;
- 68) ішкі суда жүзетін кемелерді және аралас "өзен – теңіз" суларында жүзетін кемелерді жанарту жөніндегі қағидаларды әзірлеу;
- 69) техникалық флот кемелерін жанарту жөніндегі қағидаларды әзірлеу;

- 70) ішкі суда жүзетін кемелерді жасау қағидаларын әзірлеу;
- 71) суға кеткен мүлікті көтеріп шығару тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу;
- 72) ішкі су жолдарында кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидаларын әзірлеу;
- 73) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша кемелердің кеме қатынасы су жолдары бойынша жүзуі туралы есептілікті жасау нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ қағидаларын әзірлеу;
- 74) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша ішкі су көлігі кемелерінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қағидаларды әзірлеу;
- 75) ішкі су жолдарын пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 76) жағалау белдеуін пайдалану қағидасын әзірлеу;
- 77) ішкі су және теңіз көлігі салаларында кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;
- 78) кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзу қағидаларын әзірлеу;
- 79) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін айлаққа қою, тоқтату және олардың тұрақта тұруы үшін уақытша құрылғылар мен жүзу құрылыстарын қою, жолаушыларды кемеге отырғызу және одан түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау қағидасын әзірлеу;
- 80) ішкі су көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу;
- 81) ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 82) ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын әзірлеу;
- 83) кемелерде қызмет жарғысын әзірлеу;
- 84) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін сүйреу қағидаларын әзірлеу ;
- 85) кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану, тексеру және жөндеу қағидаларын әзірлеу;
- 86) күзет аймағындағы жерлердің көлемдерін, пайдалану режимін айқындау жөніндегі және теміржол көлігінің мұқтаждарына бөлінген белдеудегі жерлерді пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 87) пайдаланылған кемелердің элементтерін пайдалана отырып, ішкі және аралас " өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидаларын әзірлеу;
- 88) теңіз портының міндетті түрде көрсететін қызметтерінің тізбесін әзірлеу;
- 89) қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу;
- 90) кемелерді және порт құралдарын күзету жөніндегі қағидалар мен талаптарды әзірлеу;
- 91) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және өзге де елді мекендердің жергілікті өкілді және

атқарушы органдарымен келісу бойынша теміржол станцияларының, разъездердің жұмыс режиміне қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды ашу және жабу тәртібін әзірлеу;

92) нысанды киім (погонсыз) киюге құқығы бар ішкі су көлігі саласындағы қызметкерлер лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киюге құқығы бар ішкі су көлігі саласындағы қызметкерлердің айырым белгілерін, нысанды киім (погонсыз) кию тәртібін, нысанды киім үлгілерін (погонсыз) әзірлеу) және оны алып жүруге құқығы бар ішкі су көлігі саласындағы қызметкерлердің айырым белгілерін;

93) жаңадан салынып жатқан жолдардың жұмыс істеп тұрған кірме жолдарға жалғасуын келісу тәртібін әзірлеу;

94) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін әзірлеу;

95) ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы ережені әзірлеу;

96) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;

97) порт құралдарын күзетуге бағалау жүргізу және порт құралдарын күзету жоспарын әзірлеу үшін уәкілетті ұйымды айқындау;

98) поездардың қозғалысына тікелей байланысты теміржол көлігі жұмыскерлерінің кәсіби даярлығы мен денсаулығы жөніндегі талаптарды әзірлеу;

99) Қазақстан Республикасының теңіз көлігіндегі экспедиторлық қызметті жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

100) коммерциялық актілер нысандарын және жалпы нысандағы актілерді, оларды жасау тәртібін және актілерді жасауды талап етпейтін мән-жайларды куәландыру тәртібін әзірлеу;

101) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша теңізшілердің еңбегі мен олардың еңбекақысын реттеу ерекшеліктері қағидаларын әзірлеу;

102) мемлекеттік меншік болып табылатын теміржолдар арқылы теміржол қатынасын тоқтату тәртібін әзірлеу;

103) табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бірлесіп, табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын бекіту;

104) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

105) кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлеу;

106) табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың

- шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілетін порттар саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) әзірлеу;
- 107) Каспий теңізінің қазақстандық секторында шет мемлекеттің туымен жүзетін кемені пайдалануға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу;
- 108) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша кірме жолдардың көрсетілетін қызметтеріне кіретін операциялар тізбесін әзірлеу;
- 109) магистральдық теміржол желісін және теміржол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту мақсатында шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын әзірлеу;
- 110) магистральдық теміржол желісін және теміржол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту мақсатында шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу;
- 111) магистральдық, станциялық жолдарды және магистральдық теміржол желісінің өзге де объектілерін магистральдық, станциялық жолдар және магистральдық теміржол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық тұрғыдан қажетті өзге де объектілер тізбесіне енгізу және одан алып тастау қағидаларын әзірлеу;
- 112) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларын әзірлеу;
- 113) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін әзірлеу;
- 114) су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу қағидаларын және кеме қатынасы су жолдарының тізбесін әзірлеу;
- 115) теңіз жолдарының навигациялық жағдайының құралдары қолданылатын аймақтағы құрылысты келісу;
- 116) Қазақстан Республикасының шекаралық аймақ учаскелерін қоспағанда, кемелердің ішкі су жолдарымен жүзу жағдайларын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 117) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асыру;
- 118) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 119) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 120) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тұтынушылар құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

121) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын беру және кемеңі шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыру туралы шешім қабылдау;

122) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемеңі Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру;

123) мемлекеттік меншік болып табылатын теміржолдар бойынша теміржол катынасын тоқтатуды жүзеге асыру;

124) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

125) навигациялық орталықтың көрсететін қызметтерін пайдалану тарифтерін (бағасын) әзірлеу;

126) теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын, порт құрылыстарын және теңіз порты акваториясын пайдалану қағидаларын әзірлеу;

127) поездардың қозғалысына тікелей байланысты теміржол көлігі жұмыскерлерінің кәсіби даярлығы мен денсаулығы жөніндегі талаптарды әзірлеу;

128) теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу;

129) кірме жолдар мен жанасу станциялары жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін әзірлеу қағидаларын әзірлеу;

130) тасымалдаушы мен экспедитор арасындағы жүктерді теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру туралы үлгілік шарттарды әзірлеу;

131) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кемелерден ластануды болғызбау жөніндегі қағидаларды әзірлеу;

132) теңіз порты мәртебесін беру қағидаларын әзірлеу;

133) теңіз портының міндетті көрсететін қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларын әзірлеу;

134) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында жүзу қағидаларын әзірлеу;

135) мемлекеттік техникалық флот кемелерінің жанар-жағармай материалдарын жұмсау (заттай мәндегі) нормаларын әзірлеу;

136) суға батқан мүлікті көтеру құнын айқындау әдістемесін әзірлеу;

137) Ұлттық теңіз тасымалдаушысы мәртебесін беру қағидаларын және шарттарын әзірлеу;

138) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен, Қорғаныс министрлігімен және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, Каспий теңізінің қазақстандық секторында құтқару операцияларын жүргізу қағидаларын әзірлеу;

139) материалдар мен жабдықтардың азайтылмайтын қорларының тізбесін, кеме катынасы шлюзі үшін оларды пайдалану және сақтау тәртібін әзірлеу;

140) білім беру саласындағы уәкілетті органмен және (немесе) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су көлігі саласындағы мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу;

141) теңіз кемелерін куәландыру қағидаларын әзірлеу;

142) суға батқан кемелерді жою үшін жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлікті беру қағидалары мен нысанын әзірлеу;

143) батып кеткен мүлікті жою қағидаларын әзірлеу;

144) уәкілетті органның кәсіпорны көрсететін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі мен құнын айқындау әдістемесін әзірлеу;

145) құқыққа қайшы әрекеттер жасау мақсатында кемеге адамдар шабуыл жасаған жағдайда кеме капитанының іс-қимыл қағидаларын әзірлеу;

146) аралас "өзен-теңіз" жүзу кемелерін жасау қағидаларын әзірлеу;

147) кемелерді жөндеу қағидаларын әзірлеу;

148) ішкі және аралас "өзен-теңіз" жүзу кемелерін жіктеу қағидаларын әзірлеу;

149) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік нысанын әзірлеу;

150) порттың міндетті қызметтерінің тізбесін әзірлеу;

151) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік беру тәртібін әзірлеу;

152) ішкі су көлігі ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу;

153) кемелерді міндетті емес лоцмандық алып өту аудандарын белгілеу;

154) теңіз көлігі, теңіз оқу-жаттығу орталықтары мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын куәландыру жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау;

155) порт құралдарын күзетуді бағалау туралы есеп пен порт құралдарын күзету жоспарын және оларға түзетулерді мақұлдау;

156) кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды жүзеге асыру;

157) "Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлеу;

158) іске асыру функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша;

159) Комитет Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Комитеттің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Комитетті басқаруды Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты төраға жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының, қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді

;

2) Комитеттің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады

;

3) Комитеттің қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауаптылық мәселелерін шешеді;

4) Комитеттің мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда мүддесін білдіреді;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережесін бекітеді;

6) Комитет жауапты болып табылатын республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына дербес жауапты болады;

7) Министрлік аппаратының басшысына өз орынбасарларын тағайындауға, қызметтен босатуға, көтермелеуге, материалдық көмек көрсетуге және жазалауға ұсынады;

8) Министрлік аппаратының басшысына Комитеттің құрылымы мен штат саны бойынша ұсыныстар береді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар үшін дербес жауаптылықта болады;

10) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Комитет төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

21. Комитет заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитет, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекеменің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

Ескерту. Тізбемен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.04.2024 № 120 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің
Бұйрыққа
2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің "Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) өз құзыреті шегінде автомобиль көлігі саласында реттеуші, іске асыратын, автомобиль, теміржол және су көлігі саласында бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ көлік саласында Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Комитет заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитет құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты.

9. Комитеттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – республиканское государственное учреждение "Комитет автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан".

10. Осы ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады

12. Комитет кәсіпкерлік субъектілерімен Комитет функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитет заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және оны кейіннен іске асыру;

2) республика экономикасы мен халықтың автомобиль тасымалдарына, жұмыстардың орындалуына және қызмет көрсетулерге қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ автомобиль тасымалдарын және автомобиль көлігінің инфрақұрылымын одан әрі дамыту;

3) заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау, сондай-ақ оның ішінде халықаралық тасымалдау саласында бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау;

4) әуе және құбыржолдарды қоспағанда, көліктің барлық түрлерінде қауіпсіз пайдалану және қызметті қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

5) әуе және құбыржолдарды қоспағанда, көлік саласындағы заңнама талаптарының қызметіне, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың сақталуына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

құқықтары:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтарды шығарады;

2) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен және Комитеттің аумақтық органдарынан, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты және материалдарды (есептерді, материалдарды) сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) Комитет құзыретіне кіретін мәселелер сұрақтар бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс-шараларды жүргізеді;

5) жетекшілік ететін қызмет бағыттары бойынша консультативтік-кеңестік органдарды (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру бойынша ұсыныстар енгізеді;

6) өз құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартады;

7) Комитеттің аумақтық органдарының көлікте өз қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға тексеру жүргізуіне қатысады;

8) мемлекеттік органдарға көлік оқиғаларының, көлікті пайдалану мен күтіп ұстау тәртібін бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;

9) көліктік бақылау бекеттерінде көлік құралдарына көліктік бақылауды жүзеге асыруға қатысады;

10) шарттық міндеттемелердің орындалуын тексереді және көрсетілген қызметтер туралы актілерді қабылдайды;

11) көліктік бақылау бекеттерінде жұмыс істеген кезінде арнайы техникалық байланыс құралдарын, арнайы көлікті пайдаланады, сондай-ақ таяқша мен ысқырғышты және шлагбаумды пайдаланады;

12) Комитеттің аумақтық органдарынан Министрліктің және Комитеттің бұйрықтары уақтылы және нақты орындауын талап етеді;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Міндеттеріне:

1) Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірулерді дайындау;

4) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар бұл туралы ресми сұрау салған жағдайда, өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсын;

5) Комитеттің теңгерімінде тұрған мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

6) бухгалтерлік есепті жүргізі;

7) бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және Министрлікке беру;

8) Комитетке бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

9) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кіреді.

15. Функциялары:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, әзірлеуге қатысу, келісу және бекіту;

3) техникалық регламенттерді және стандарттарды әзірлеу мен келісу;

4) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

5) электрондық (цифрлық) тахографтар жөніндегі ұлттық дерекқорды жүргізу;

6) Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімін жүргізу;

7) рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасында тіркелген, тез бүлінетін жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына автомобиль көлігімен жүк тасымалдау тәртібінде белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы куәлік беру;

9) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және ішінара тексеру тізімдерін қалыптастыру;

10) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шетелдік сыныптау қоғамын тану туралы шешім қабылдау;

11) кемелерді куәландыру бойынша өкілеттікті және шетелдік сыныптау қоғамдарының оларды ұсыну шарттарын айқындау жөнінде шетелдік сыныптау қоғамымен келісімдер жасасу;

- 12) автомобильмен тасымалдаушыларға автомобильмен халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу;
- 13) Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидаларын әзірлеу;
- 14) көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін әзірлеу;
- 15) автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;
- 16) белгіленген тәртіпке сәйкес тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тарифтерді есептеу әдістемесін әзірлеу;
- 17) автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын әзірлеу;
- 18) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын әзірлеу;
- 19) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін әзірлеу;
- 20) жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларын әзірлеу;
- 21) автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу;
- 22) автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын әзірлеу;
- 23) автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу;
- 24) автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 25) Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобиль тасымалында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын әзірлеу;
- 26) Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін әзірлеу;
- 27) Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін әзірлеу;
- 28) төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тарту қағидасын әзірлеу;
- 29) теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 30) теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларын әзірлеу;
- 31) теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы қағидаларды әзірлеу;
- 32) кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларын әзірлеу;
- 33) шағын көлемді кемемені және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 34) палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалау жөнінде қағидаларын әзірлеу;

- 35) шағын көлемді кемелердің жүзу аудандарының разрядына қарай су бассейндерінің тізбесін әзірлеу;
- 36) кемелердің командалық құрамының адамдарына арналған дипломның нысанын әзірлеу;
- 37) кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлеу;
- 38) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарын дипломдау және аттестаттау қағидаларын әзірлеу;
- 39) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар теміржол көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және айырым белгілерін әзірлеу;
- 40) автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар лауазымды адамдарының тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз), нөмірлі омырау белгілерінің, қызметтік куәліктің үлгілерін әзірлеу;
- 41) нысанды киім (погонсыз) берілетін теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің және айырым белгілерінің үлгілерін, нысанды киім (погонсыз) киіп жүру тәртібін әзірлеу;
- 42) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік бақылау және қадағалау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз) және айырым белгілерінің үлгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру тәртібін әзірлеу;
- 43) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша теміржол және теңіз көлігінде мемлекеттік бақылау қызметкерлерін, автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдарын және нысанды киім (погонсыз), нысанды киім (погонсыз) киюге құқығы бар ішкі су көлігінде мемлекеттік қадағалау қызметкерлерін қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлеу;
- 44) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін қоспағанда, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігін әзірлеу;
- 45) міндетті техникалық қарап-тексеру жүргізу бойынша қызметтер құнын айқындау әдістемесін әзірлеу;
- 46) авариялар мен апаттар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесі операторының функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындау қағидаларын әзірлеу;

- 47) авариялар мен апаттар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесін ұйымдастыру және пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 48) жолаушылар поездарды тексеруді тағайындау туралы актіні есепке алу журналын жүргізу тәртібі мен оның нысанын әзірлеу;
- 49) мемлекеттік кеме тізілімінің, жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінің және кеме кітабының нысандарын әзірлеу;
- 50) ішкі су көлігі саласында кеме атауын беру тәртібін әзірлеу;
- 51) қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу тәртібін әзірлеу;
- 52) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарын әзірлеу;
- 53) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;
- 54) тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша жолаушылар мен багажды облысаралық қалааралық тұрақты автомобиль тасымалдау маршруттары мен қозғалыс кестелерін бекіту;
- 55) жолаушылар мен багаждың тұрақты халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыруды, көрсетілген тасымалдардың бағыттар бойынша қозғалу кестесін келісуді жүзеге асыру;
- 56) жолаушылар мен багаждың тұрақты халықаралық және қалааралық, облысаралық автомобиль тасымалдары бағыттарының тізілімдерін жүргізуді жүзеге асыру;
- 57) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинақтауды, автокөлік құралдары қозғалысының қарқындылығын есепке алуды жүзеге асыру, жинақталған ақпаратты белгіленген нысандағы есеп беру құжаты түрінде беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 58) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асыру;
- 59) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді гидрографиялық, ғылыми, гидротехникалық, құтқару қызметіне және сауда мақсатында теңізде жүзумен байланысты өзге де қызметке пайдалануды жүзеге асыруға рұқсат беру тәртібін әзірлеу және рұқсат беру;
- 60) шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарымен рұқсат беру құжаттарының бланкілерімен тепе-тең алмасуды жүргізу;
- 61) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекетінің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беру;

62) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттар беру;

63) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

64) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тұтынушылар құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

65) қоғамдық бірлестіктермен және автомобиль көлігі саласындағы қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктерімен мемлекеттің өзара іс-қимыл жасасуды қамтамасыз ету;

66) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкаларын беру;

67) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуге рұқсат беру;

68) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру;

69) сервис орталықтарын (шеберханаларды) бақылауды жүзеге асыру;

70) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автомобиль көліктерінде және автожолдарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша іс-қимылды жүзеге асыру;

71) магистральдық, станциялық және кірме жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруді жүзеге асыру;

72) кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

73) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол объектілерін, теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұру және тоқтатуды жүзеге асыру;

74) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

75) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тарту;

76) порттың теңіз әкімшілігі арқылы жүзеге асырылатын теңізде жүзу қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру;

77) кеме қатынасы су жолдарының және навигациялық жабдық құралдарының тиісті күтіп-ұсталуын бақылауды жүзеге асыру;

78) порттық құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

- 79) теміржол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, станциялық және кірме теміржолдардағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыру;
- 80) ішкі су көлігі саласындағы бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 81) Министрдің міндетін атқарушысының бұйрығымен бекітілген теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;
- 82) жеке және заңды тұлғалардың су көлігінің жұмыс істеу, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөніндегі шараларды қабылдау тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 83) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 84) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу;
- 85) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;
- 86) қайта жабдықтау салдарынан кемеңің техникалық деректері өзгерген жағдайда шағын көлемді кемелерді қайта тіркеуді жүргізу;
- 87) қауіпсіздік сертификатын беру;
- 88) навигациялық орталықтың көрсететін қызметтерін пайдалану тарифтерін (бағасын) әзірлеу;
- 89) қауіпсіздік сертификатының нысанын әзірлеу;
- 90) кемелерді өлшеу жөніндегі қағидаларды әзірлеу;
- 91) уәкілетті органның лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар және әрекеттер жасау фактілерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 92) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүктерді жүк және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеу тәртібін әзірлеу;
- 93) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыратын мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптарды әзірлеу;
- 94) материалдар мен жабдықтардың азайтылмайтын қорларының тізбесін, кеме катынасы шлюзі үшін оларды пайдалану және сақтау тәртібін әзірлеу;

- 95) шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру актісінің және ұйғарымның нысанын әзірлеу;
- 96) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;
- 97) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;
- 98) Қазақстан Республикасы аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде қалалар немесе өзге де елді мекендер бойынша жалпы ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында көлік құралдарының жүріп өтуін бақылауды жүзеге асыру;
- 99) ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипажы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 100) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің қызмет ету тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар енгізу;
- 101) шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша каботаждық тасымалдауды жүзеге асыруын анықтау және жолын кесу;
- 102) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу тәртібін сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 103) алкогольден, есірткіден және уытқұмарлықтан мас күйдегі шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін басқарудан шеттетуге және оларды медициналық тексеруге жіберу;
- 104) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;
- 105) кеме экипажын жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 106) кемеді кеме құжаттарының бар болуын тексеруді жүзеге асыру;
- 107) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда теңіз кемелерін және шағын көлемді кемелерді әкімшілік ұстауды, теңіз кемелерінде және шағын көлемді кемелерде жете тексеру жүргізуді жүзеге асыру;
- 108) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүруін, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік және салмақтық өлшемдерін сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 109) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын

ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

110) тасымалдаушылардың жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау тәртібін сақтауына бақылауды жүзеге асыру;

111) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілер, стандарттар және нормалар талаптарының анықталған бұзушылығын, жою туралы ұйғарымдар енгізу;

112) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерді не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлік пен заттарды тексеріп қарауды жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қою;

113) авариялық жағдайларды және көлік оқиғаларын, су көлігін пайдалану қағидаларын бұзушылықтың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;

114) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

115) көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру және олардың бұзушылықтарын анықтау және жолын кесу;

116) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

117) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасы аумағында жолаушыларды , багажды және жүк-багажды тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

118) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін, оның ішінде олармен:

теміржол желісінің станциялық және магистральдық жолдар мен теміржолдағы кірме жолдарды күтіп-ұстауды, жылжымалы құрамды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және поштамен жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын;

теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды, сондай-ақ жасанды құрылыстарды және теміржол өтпелерін күтіп-ұстауды , пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын қолдана отырып, тексеруді жүзеге асыру;

119) жеке және заңды тұлғалардың қалалық рельсті көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын бақылауды, оларды бұзушылықтарды анықтауды және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қолдануды жүзеге асыру;

120) қозғалыс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына жай-күйі жауап бермейтін қалалық рельсті көлік объектілерін пайдалануды тоқтата тұруды жүзеге асыру;

121) елордада автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын келісу;

122) Автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

123) автоматтандырылған өлшеу станцияларының тізілімін жүргізу;

124) қалалық рельсті көліктегі қауіпсіздік қағидаларын әзірлеу;

125) теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын әзірлеу;

126) теміржол өткелдерін техникалық пайдалану, оларға қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын әзірлеу;

127) жасанды құрылысжайларды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын әзірлеу;

128) жылжымалы құрамды техникалық пайдалану, оларға қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын әзірлеу;

129) жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар туралы ақпараттың нысандарын әзірлеу;

130) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдау қағидаларын әзірлеу;

131) жай-күйі қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына сай келетін магистральдық темір жол желісі, темір жол және жылжымалы құрам объектілерін пайдалануды жаңғыртуды жүзеге асыру;

132) Комитет Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Комитеттің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Комитетті басқаруды Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты төраға жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің аумақтық органдары қызметкерлері мен басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) Комитеттің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады ;

3) Комитеттің қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауаптылық мәселелерін шешеді;

4) Комитеттің мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда мүддесін білдіреді;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Комитет жауапты болып табылатын республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына дербес жауапты болады;

7) Министрліктің аппарат басшысына өз орынбасарларын, Комитеттің аумақтық органдарының басшыларын лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатуды, көтермелеуді, материалдық көмек көрсетуді және жазаға қолдануды ұсынады;

8) Министрліктің аппарат басшысына Комитеттің және оның аумақтық органдарының құрылымы мен штат саны жөнінде ұсыныстар береді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар үшін дербес жауаптылықта болады;

10) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Комитет төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

21. Комитет заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитет, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Көлік министрінің 03.04.2024 № 120 бұйрығымен.

1) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Абай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі";

2) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

6) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

7) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

8) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

9) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

10) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Жетісу облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

11) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

12) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

13) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

14) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

15) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

16) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

17) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Түркістан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

18) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Ұлытау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

19) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

20) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті "Шымкент қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

21) Алып тасталды – ҚР Көлік министрінің 03.04.2024 № 120 бұйрығымен.

Бұйрыққа
3-қосымша

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Абай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Абай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Инспекция) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады және әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

2. Инспекция Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес қызметін жүзеге асырады.

3. Инспекция мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Инспекция азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Инспекцияға заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Инспекция өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Инспекция басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Инспекцияның құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Инспекцияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 100100, Абай облысы, Семей қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 10.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Абай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – республиканское государственное учреждение "Инспекция транспортного контроля по области Абай" Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан".

10. Осы ереже Инспекцияның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Инспекцияның қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Инспекцияға кәсіпкерлік субъектілерімен Инспекцияның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Инспекцияға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Инспекцияның мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) өз құзыреті шегінде көліктің және оның өмірлік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) реттелетін салаларда мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету.

14. Құқықтары мен міндеттері:

құқықтары:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан және жеке тұлғалардан қажетті ақпаратты және материалдарды сұратады және алады;

2) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктегі тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін тексереді;

3) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәселелерді қарайды ;

4) хаттамалар толтырады, "Екатеринбург қаласы – Алматы қаласы" 1291 километр (Ақмола облысы Аршалы ауданы Жібек-Жолы кентінің жанында) және "Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбург қаласына қарай) – Алматы қаласы, Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы" 1305+905 километр (Ақмола облысы Аршалы ауданы Бабатай кентінің жанында) республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерінде орнатылған автоматтандырылған өлшеу станциясымен тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтарды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес іс жүргізуді жүзеге асырады;

5) жеке тұлғаны әкімшілік ұстауды, көлік құралын ұстауды, тұлғаның жеке басын және жеке тұлғамен бірге болатын заттарын қарап-тексеруді жүргізеді, көлік құралдарын қарап-тексеруді жүзеге асырады;

6) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктік оқиғалардың, көлікті пайдалану ережесін бұзудың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;

7) көліктік бақылау посттарында, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалар және өзге де елді мекендер шегінде автокөлік құралдарын тоқтатады;

8) өз құзыреті шегінде, тексерулердің нәтижелері бойынша актілер шығарады және Қазақстан Республикасы заңдарының, әуе және құбыржол көлігінен басқа көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері,

стандарттары және нормалары талаптарының анықталған және бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізеді;

9) арнайы байланыс құралдарын пайдаланады, арнайы су көлігі және арнайы автокөлік, сондай-ақ өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде таяқша және ысқырық пайдаланады;

10) уәкілетті органның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартады;

11) қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Міндеттері:

1) Инспекцияға жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) Инспекция құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер беру;

4) Инспекция теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

5) бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және қаржылық есепті Комитетке тапсыру;

6) Инспекцияға бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

7) Комитетке жоспарлы үш жылдық кезеңге бюджеттік өтінімдерді уақтылы және сапалы ұсынуды, бюджетті нақтылауды, түзетуді қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алулар рәсімдерін жүргізу кіреді.

15. Функциялары:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

2) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинау, автокөлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын есепке алу, белгіленген нысандағы есеп беру құжаттары түрінде жинақталған ақпаратты беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекетінің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беру;

4) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттар беру;

5) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкаларын беру;

6) көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру;

7) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуге рұқсат беру;

8) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасы аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде қалалар немесе өзге де елді мекендер бойынша жалпы ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында көлік құралдарының жүріп өтуін бақылауды жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік тасымалдаушылардың каботаждық тасымалдауын анықтау және жолын кесуді жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

12) автокөлік құралдарының жүруін, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген габариттік және салмақтық өлшемдердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

13) тахографтарға қызмет көрсету және орнату бойынша қызметті жүзеге асыратын сервистік орталықтарға бақылауды жүзеге асыру;

14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автожолдарда және автокөліктерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша іс-қимылдарды жүзеге асыру;

15) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру;

16) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

17) теміржол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, станциялық және кірме теміржолдардағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды және тексеруді жүзеге асыру;

18) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін, оның ішінде олармен:

теміржол желісінің станциялық және магистральдық жолдар мен теміржолдағы кірме жолдарды күтіп-ұстауды, жылжымалы құрамды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын;

теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды, сондай-ақ жасанды құрылыстарды және теміржол өтпелерін күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын қолдана отырып, тексеруді жүзеге асыру;

19) жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеуді (кайта тіркеуді) жүзеге асыру;

20) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;

21) Министрдің міндетін атқарушысының бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;

22) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысу;

23) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасы аумағында жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

24) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің немесе іс-қимылдың жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

25) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

26) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

27) өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, стандарттар мен нормалардың талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

28) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол желісі объектілерін, теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұруды және тоқтатуды жүзеге асыру;

29) қозғалыс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына жай-күйі жауап бермейтін қалалық рельсті көлік объектілерін пайдалануды тоқтата тұруды жүзеге асыру;

30) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлік пен заттарды тексеріп қарауды

жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қою;

31) жеке және заңды тұлғалардың көліктің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;

32) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

33) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

34) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын тиіс кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау;

35) кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарын, олардың пайдаланылуын қауіпсіз қамтамасыз ету талаптарына сай болуын қарап-тексеруді жүргізу;

36) алкогольдік, есірткілік және уытты мас күйінде болған шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін басқарудан шеттету және оларды медициналық куәландыруға жіберу;

37) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

38) кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстау;

39) кемені пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді), салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салу ;

40) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлігін беру;

41) ішкі су көлігі саласындағы бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

42) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу;

43) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

44) Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімін жүргізу;

45) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру;

46) қауіпсіздік сертификатын беру;

47) жай-күйі қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына сай келетін магистральдық темір жол желісі, темір жол және жылжымалы құрам объектілерін пайдалануды жаңғыртуды жүзеге асыру;

48) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. Инспекцияның қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Инспекцияны басқаруды Инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Инспекция басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Инспекция басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Инспекция басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және осы Ережеде айқындалған құзыреті шегінде Инспекция қызметінің мәселелерін дербес шешеді;

2) Инспекция басшысының орынбасарынан басқа, Инспекция қызметкерлерін тағайындайды және қызметтен босатады, оларға көтермелеу, материалдық көмек көрсету шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;

3) Инспекция бөлімі басшысын тағайындауды Комитетпен келіседі;

4) бұйрықтарға қол қояды және функционалдық бағынысты қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді, олардың арасындағы міндеттерді бөледі;

5) Комитет басшылығының нұсқаулары мен тапсырмаларын орындайды.

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Инспекцияның мүддесін білдіреді;

7) отандық және шетелдік тауар өндірушілермен тауарлар мен қызметтерді жеткізуге шарт жасасады, банктерде шот ашады, сенімхаттар береді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;

9) өзінің құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Инспекция басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Инспекцияның мүлкі

21. Инспекцияның заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Инспекцияның мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Инспекцияға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Инспекция, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату

24. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұйрыққа
4-қосымша

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Инспекция) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады және әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

2. Инспекция өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес қызметін жүзеге асырады.

3. Инспекция мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Инспекция азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Инспекцияға заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Инспекция өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Инспекция басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Инспекцияның құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Инспекцияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 87.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде — "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – республиканское государственное учреждение "Инспекция транспортного контроля по Акмолинской области" Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Инспекцияның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Инспекцияның қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Инспекцияға кәсіпкерлік субъектілерімен Инспекцияның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Инспекцияға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Инспекцияның мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) өз құзыреті шегінде көліктің және оның өмірлік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) реттелетін салаларда мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету.

14. Құқықтары мен міндеттері:

құқықтары:

- 1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан және жеке тұлғалардан қажетті ақпаратты және материалдарды сұратады және алады;
- 2) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктегі тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін тексереді;
- 3) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәселелерді қарайды ;
- 4) хаттамалар толтырады, "Екатеринбург қаласы – Алматы қаласы" 1291 километр (Ақмола облысы Аршалы ауданы Жібек-Жолы кентінің жанында) және "Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбург қаласына қарай) – Алматы қаласы, Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы" 1305+905 километр (Ақмола облысы Аршалы ауданы Бабатай кентінің жанында) республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерінде орнатылған автоматтандырылған өлшеу станциясымен тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтарды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес іс жүргізуді жүзеге асырады;
- 5) жеке тұлғаны әкімшілік ұстауды, көлік құралын ұстауды, тұлғаның жеке басын және жеке тұлғамен бірге болатын заттарын қарап-тексеруді жүргізеді, көлік құралдарын қарап-тексеруді жүзеге асырады;
- 6) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктік оқиғалардың, көлікті пайдалану ережесін бұзудың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;
- 7) көліктік бақылау посттарында, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалар және өзге де елді мекендер шегінде автокөлік құралдарын тоқтатады;
- 8) өз құзыреті шегінде, тексерулердің нәтижелері бойынша актілер шығарады және Қазақстан Республикасы заңдарының, әуе және құбыржол көлігінен басқа көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері, стандарттары және нормалары талаптарының анықталған және бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізеді;
- 9) арнайы байланыс құралдарын пайдаланады, арнайы су көлігі және арнайы автокөлік, сондай-ақ өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде таяқша және ысқырық пайдаланады;
- 10) уәкілетті органның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартады;
- 11) қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Міндеттері:

- 1) Инспекцияға жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) Инспекция құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер беру;

4) Инспекция теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

5) бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және қаржылық есепті Комитетке тапсыру;

6) Инспекцияға бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

7) Комитетке жоспарлы үш жылдық кезеңге бюджеттік өтінімдерді уақтылы және сапалы ұсынуды, бюджетті нақтылауды, түзетуді қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алулар рәсімдерін жүргізу кіреді.

15. Функциялары:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

2) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинау, автокөлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын есепке алу, белгіленген нысандағы есеп беру құжаттары түрінде жинақталған ақпаратты беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекетінің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беру;

- 19) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін, оның ішінде олармен:
- теміржол желісінің станциялық және магистральдық жолдар мен теміржолдағы кірме жолдарды күтіп-ұстауды, жылжымалы құрамды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;
- Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын;
- теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды, сондай-ақ жасанды құрылыстарды және теміржол өтпелерін күтіп-ұстауды

, пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын қолдана отырып, тексеруді жүзеге асыру;

20) жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асыру;

21) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;

22) Министрдің міндетін атқарушысының бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;

23) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысу;

24) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасы аумағында жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

25) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің немесе іс-қимылдың жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

26) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

27) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

28) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

29) өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, стандарттар мен нормалардың талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

30) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол желісі объектілерін, теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұруды және тоқтатуды жүзеге асыру;

31) қозғалыс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына жай-күйі жауап бермейтін қалалық рельсті көлік объектілерін пайдалануды тоқтата тұруды жүзеге асыру;

32) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлік пен заттарды тексеріп қарауды

жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қою;

33) жеке және заңды тұлғалардың көліктің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;

34) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

35) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

36) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын тиіс кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау;

37) кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарын, олардың пайдаланылуын қауіпсіз қамтамасыз ету талаптарына сай болуын қарап-тексеруді жүргізу;

38) алкогольдік, есірткілік және уытты мас күйінде болған шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін басқарудан шеттету және оларды медициналық куәландыруға жіберу;

39) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

40) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды ұйымдастыру;

41) ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипажы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

42) кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстау;

43) кемені пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді), салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салу

;

- 44) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлігін беру;
- 45) кеме қатынасы су жолдарының және навигациялық жабдық құралдарының тиісті күтіп-ұсталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 46) ішкі су көлігі саласындағы бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 47) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу;
- 48) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 49) Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімін жүргізу;
- 50) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру;
- 51) қауіпсіздік сертификатын беру;
- 52) жай-күйі қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына сай келетін магистральдық темір жол желісі, темір жол және жылжымалы құрам объектілерін пайдалануды жаңғыртуды жүзеге асыру;
- 53) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. Инспекцияның қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Инспекцияны басқаруды Инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Инспекция басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Инспекция басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Инспекция басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және осы Ережеде айқындалған құзыреті шегінде Инспекция қызметінің мәселелерін дербес шешеді;

2) Инспекция басшысының орынбасарынан басқа, Инспекция қызметкерлерін тағайындайды және қызметтен босатады, оларға көтермелеу, материалдық көмек көрсету шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;

3) Инспекция бөлімі басшысын тағайындауды Комитетпен келіседі;

4) бұйрықтарға қол қояды және функционалдық бағынысты қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді, олардың арасындағы міндеттерді бөледі;

5) Комитет басшылығының нұсқаулары мен тапсырмаларын орындайды.

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Инспекцияның мүддесін білдіреді;

7) отандық және шетелдік тауар өндірушілермен тауарлар мен қызметтерді жеткізуге шарт жасасады, банктерде шот ашады, сенімхаттар береді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;

9) өзінің құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Инспекция басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Инспекцияның мүлкі

21. Инспекцияның заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Инспекцияның мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Инспекцияға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Инспекция, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату

24. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұйрыққа
22-қосымша

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Шымкент қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Шымкент қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Инспекция) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады және әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

2. Инспекция өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес қызметін жүзеге асырады.

3. Инспекция мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Инспекция азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Инспекцияға заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Инспекция өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Инспекция басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Инспекцияның құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Инспекцияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 160019, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Ә. Молдағұлова көшесі, 4Б ғимараты.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Шымкент қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - республиканское государственное учреждение "Инспекция транспортного контроля по городу Шымкент" Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Инспекцияның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Инспекцияның қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Инспекцияға кәсіпкерлік субъектілерімен Инспекцияның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Инспекцияға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Инспекцияның мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) өз құзыреті шегінде көліктің және оның өмірлік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) реттелетін салаларда мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету.

14. Құқықтары мен міндеттері:

құқықтары:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан және жеке тұлғалардан қажетті ақпаратты және материалдарды сұратады және алады;

2) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктегі тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін тексереді;

3) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәселелерді қарайды ;

4) хаттамалар толтырады, "Екатеринбург қаласы – Алматы қаласы" 1291 километр (Ақмола облысы Аршалы ауданы Жібек-Жолы кентінің жанында) және "Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбург қаласына қарай) – Алматы қаласы, Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы" 1305+905 километр (Ақмола облысы Аршалы ауданы Бабатай кентінің жанында) республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерінде орнатылған автоматтандырылған өлшеу станциясымен тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтарды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес іс жүргізуді жүзеге асырады;

5) жеке тұлғаны әкімшілік ұстауды, көлік құралын ұстауды, тұлғаның жеке басын және жеке тұлғамен бірге болатын заттарын қарап-тексеруді жүргізеді, көлік құралдарын қарап-тексеруді жүзеге асырады;

6) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктік оқиғалардың, көлікті пайдалану ережесін бұзудың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;

7) көліктік бақылау посттарында, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалар және өзге де елді мекендер шегінде автокөлік құралдарын тоқтатады;

8) өз құзыреті шегінде, тексерулердің нәтижелері бойынша актілер шығарады және Қазақстан Республикасы заңдарының, әуе және құбыржол көлігінен басқа көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері,

стандарттары және нормалары талаптарының анықталған және бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізеді;

9) арнайы байланыс құралдарын пайдаланады, арнайы су көлігі және арнайы автокөлік, сондай-ақ өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде таяқша және ысқырық пайдаланады;

10) уәкілетті органның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартады;

11) қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Міндеттері:

1) Инспекцияға жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) Инспекция құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер беру;

4) Инспекция теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

5) бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және қаржылық есепті Комитетке тапсыру;

6) Инспекцияға бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

7) Комитетке жоспарлы үш жылдық кезеңге бюджеттік өтінімдерді уақтылы және сапалы ұсынуды, бюджетті нақтылауды, түзетуді қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алулар рәсімдерін жүргізу кіреді.

15. Функциялары:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

2) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинау, автокөлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын есепке алу, белгіленген нысандағы есеп беру құжаттары түрінде жинақталған ақпаратты беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекетінің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беру;

4) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттар беру;

5) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкаларын беру;

6) көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру;

7) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуге рұқсат беру;

8) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасы аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде қалалар немесе өзге де елді мекендер бойынша жалпы ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында көлік құралдарының жүріп өтуін бақылауды жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік тасымалдаушылардың каботаждық тасымалдауын анықтау және жолын кесуді жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

12) автокөлік құралдарының жүруін, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген габариттік және салмақтық өлшемдердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

13) тахографтарға қызмет көрсету және орнату бойынша қызметті жүзеге асыратын сервистік орталықтарға бақылауды жүзеге асыру;

14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автожолдарда және автокөліктерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша іс-қимылдарды жүзеге асыру;

15) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру;

16) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

17) теміржол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, станциялық және кірме теміржолдардағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды және тексеруді жүзеге асыру;

18) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін, оның ішінде олармен:

теміржол желісінің станциялық және магистральдық жолдар мен теміржолдағы кірме жолдарды күтіп-ұстауды, жылжымалы құрамды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын;

теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды, сондай-ақ жасанды құрылыстарды және теміржол өтпелерін күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын қолдана отырып, тексеруді жүзеге асыру;

19) жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асыру;

20) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;

21) Министрдің міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;

22) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысу;

23) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасының аумағында жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

24) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің немесе іс-қимылдың жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

25) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

26) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

27) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

28) өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, стандарттар мен нормалардың талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамалар енгізу;

29) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол желісі объектілерін, теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұруды және тоқтатуды жүзеге асыру;

30) қозғалыс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына жай-күйі жауап бермейтін қалалық рельсті көлік объектілерін пайдалануды тоқтата тұруды жүзеге асыру;

31) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлік пен заттарды тексеріп қарауды жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қою;

32) жеке және заңды тұлғалардың көліктің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;

33) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамалар енгізу;

34) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

35) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын тиіс кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау;

36) кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді), салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарын, олардың пайдаланылуын қауіпсіз қамтамасыз ету талаптарына сай болуын қарап-тексеруді жүргізу;

37) шағын көлемді кемелердің алкогольдік, есірткілік және уытты мас күйінде болған кеме жүргізушілерін басқарудан шеттету және оларды медициналық куәландыруға жіберу;

38) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

39) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды ұйымдастыру;

40) ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипажы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

41) кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстау;

42) кемені пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді), салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салу ;

43) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлігін беру;

44) кеме қатынасы су жолдарының және навигациялық жабдық құралдарының тиісті күтіп-ұсталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

45) ішкі су көлігі саласындағы бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

46) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу;

47) Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімін жүргізу;

48) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

49) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру;

50) қауіпсіздік сертификатын беру;

51) жай-күйі қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына сай келетін магистральдық темір жол желісі, темір жол және жылжымалы құрам объектілерін пайдалануды жаңғыртуды жүзеге асыру;

52) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. Инспекцияның қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Инспекцияны басқаруды Инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Инспекция басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Инспекция басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Инспекция басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және осы Ережеде айқындалған құзыреті шегінде Инспекция қызметінің мәселелерін дербес шешеді;

2) Инспекция басшысының орынбасарынан басқа, Инспекция қызметкерлерін тағайындайды және қызметтен босатады, оларға көтермелеу, материалдық көмек көрсету шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;

3) Инспекция бөлімі басшысын тағайындауды Комитетпен келіседі;

4) бұйрықтарға қол қояды және функционалдық бағынысты қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді, олардың арасындағы міндеттерді бөледі;

5) Комитет басшылығының нұсқаулары мен тапсырмаларын орындайды.

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Инспекцияның мүддесін білдіреді;

7) отандық және шетелдік тауар өндірушілермен тауарлар мен қызметтерді жеткізуге шарт жасасады, банктерде шот ашады, сенімхаттар береді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;

9) өзінің құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Инспекция басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Инспекцияның мүлкі

21. Инспекцияның заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Инспекцияның мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Инспекцияға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Инспекция, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату

24. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі (бұдан әрі – ПТӘ) теңіз порттарының акваториясында теңіз кемелерін пайдалану саласындағы бақылау-қадағалау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.04.2024 № 120 бұйрығымен.

2. ПТӘ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. ПТӘ мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. ПТӘ азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. ПТӘ заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. ПТӘ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен ПТӘ капитанының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. ПТӘ құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. ПТӘ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өндірістік аймағы 7, ғимарат 14.

9. ПТӘ толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің "Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – республиканское государственное учреждение "Морская администрация портов Республики Казахстан" Комитета железнодорожного и водного транспорта Министерства транспорта Республики Казахстан".

10. Осы Ереже ПТӘ құрылтай құжаты болып табылады.

11. ПТӘ қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. ПТӘ кәсіпкерлік субъектілерімен ПТӘ функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер ПТӘ заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. ПТӘ мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

ПТӘ негізгі міндеті теңіз порттарының акваториясында кемелердің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуді бақылау болып табылады.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) ПТӘ құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартуға;

2) мемлекеттік органдарға көлік оқиғаларының, су көлігін пайдалану тәртібінің бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар енгізуге;

3) тексеру нәтижелері бойынша өз құзыреті шегінде актілер жасауға және су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасының, стандарттар мен нормалардың анықталған бұзушылықтарын т жою туралы нұсқамалар енгізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

15. Функциялары:

1) Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімін, бербоут-чартер тізілімі мен Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімін жүргізу және кемелердің мемлекеттік тіркелуін, тиісті кеме құжаттарын беру;

2) кемеге және жасалып жатқан кемеге меншік құқықтарын, кеме немесе жасалып жатқан кеме кепілін және оларға өзге де құқықтарды мемлекеттік тіркеу, тиісті құжаттар беру;

3) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәліктерінің, теңізде жүзу кітапшаларының тізілімдерін жүргізу және оларды беру, сондай-ақ кәсіби дипломдарды, кәсіби дипломдардың растамаларын, жеңілдік рұқсаттарын беру, олардың қолданылу мерзімін тоқтата тұру, алып қою;

4) кеме құжаттарын, дипломдарды, біліктілік куәліктерін және дипломдар мен біліктілік куәліктеріне растамаларды тексеру;

- 5) кемелердің портқа кіру және олардың порттан шығу тәртібі туралы талаптардың сақталуына бақылау жасау және қадағалау;
- 6) кемелердің портқа келуін және олардың порттан шығуын ресімдеу;
- 7) лоцмандық қызмет көрсету жұмысына және кемелер жүрісін басқару жүйесіне бақылау жасау және қадағалау;
- 8) теңізге батқан мүлікті көтеріп шығаруға рұқсаттар беру;
- 9) портта құрылыс, гидротехникалық және өзге де жұмыстарды жүргізуге рұқсаттар беру;
- 10) кемелермен болған авариялық жағдайлар және көлік оқиғалары туралы уәкілетті органды хабардар ету, кемелермен болған авариялық жағдайлар және көлік оқиғаларды тергеп-тексерулерді, сыныптауды және есепке алуды жүргізу үшін қажетті ақпаратты және дәлелдемелерді жинау;
- 11) мемлекеттік органдардың (шекаралық, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық, ветеринариялық, мемлекеттік кіріс органдарының және басқаларының) теңіз порты аумағында орналасатын жерін белгілеу;
- 12) порттағы құрылыстардың және оларды пайдаланудың техникалық жай-күйіне бақылау жасау және қадағалау;
- 13) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша хаттамалар жасау, іс жүргізу;
- 14) кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау мен қадағалау;
- 15) авариялық жағдайларды және көлік оқиғаларын, Су көлігін пайдалану тәртібінің бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;
- 16) порттық құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда теңіз кемелерін әкімшілік ұстауды, теңіз кемелерінде қарап-тексеруді жүргізу;
- 18) кеме экипажын жинақтауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 19) жеке және заңды тұлғалардың су көлігінің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;
- 20) өз құзыретінің шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының

заңнамасының, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамалар енгізу;

21) кемеде кеме құжаттарының бар болуын тексеруді жүзеге асыру;

22) кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді, салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстауды жүзеге асыру;

23) кеме қатынасы қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қауіп болған кезде кемелердің, салдар мен өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салуды жүзеге асыру;

23-1) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру;

24) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. ПТӘ қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. ПТӘ басқаруды ПТӘ жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес теңіз портының капитаны жүзеге асырады.

17. ПТӘ капитаны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. ПТӘ капитанының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. ПТӘ капитанының өкілеттігі:

1) порттағы барлық кемелерге, жеке және заңды тұлғаларға міндетті өкімдер шығаруға, соның ішінде порттың айдынында және кіреберіс каналында кемелердің суға батып тұруының мөлшерлі шегін жариялауға;

2) портта тұрған кемені порт айдыны шегінде апатқа ұшыраған адамдар мен кемелерді құтқару ісіне қатыстыру үшін тартуға;

3) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жазалар қолдануға;

4) кемелердің міндетті түрде лоцмандық алып өтілуін белгілеуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда кемені карап тексеруге;

6) кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі жасайтын кемшіліктердің жойылуын тексеру мақсатында кемеге бақылаушылық тексеру жүргізуге;

7) кеменің портқа кіруі мен одан шығуы туралы шешімдер қабылдауға;

8) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ПТӘ мүддесін білдіреді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде белгіленген құзырет шегінде ПТӘ қызметінің мәселелерін дербес шешеді;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен ПТӘ қызметкерлерін тағайындайды және лауазымдарынан босатады, оларға қатысты көтермелеу, материалдық көмек көрсету және тәртіптік жауапкершілікке тарту шараларын қолданады;

11) бағынысты қызметкерлердің орындауына міндетті бұйрықтарға қол қояды және нұсқаулар береді, олардың арасында функционалдық міндеттерді бөледі;

12) Комитеттің басшылығының нұсқаулары мен тапсырмаларын орындайды;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Теңіз порты капитанының міндеттемелеріне:

1) теңізге шығатын кемелерге бақылау жасауды және қадағалауды жүзеге асыру;

2) кемеңің теңіз портынан шығуына рұқсат беру;

3) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда кемеңің теңіз портынан шығуына рұқсат беруден бас тарту;

4) суға батқан мүлікті алып шығу үшін белгіленген мерзімдер туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар үшін дербес жауаптылықта болады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру кіреді.

ПТӘ капитаны болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Капитан өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. ПТӘ мүлкі

21. ПТӘ заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. ПТӘ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. ПТӘ бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, ПТӘ, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. ПТӘ қайта ұйымдастыру және тарату

24. ПТӘ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК